

## Стандарттау туралы

### *Күші жойған*

Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 16 шілдедегі N 433 Заңы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 2004.11.09. N 603 Заңымен  
МАЗМҰНЫ

*Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 2004.11.09 N 603 (қолданысқа енгізілу тәртібін 47-баптан қараңыз) Заңымен.*

*Ескерту. Заңның бүкіл мәтіні бойынша "уәкілетті мемлекеттік орган", "уәкілетті мемлекеттік органның", "уәкілетті мемлекеттік органды", "уәкілетті мемлекеттік органға" деген сөздер тиісінше "уәкілетті орган", "уәкілетті органның", "уәкілетті органды", "уәкілетті органға" деген сөздермен ауыстырылды - Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 11 маусымдағы N 432 Заңымен.*

Осы Заң стандарттау саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейді, мемлекеттік стандарттау жүйесінің құқықтық негіздерін және стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттарды әзірлеу мен қолдану арқылы өнімнің, процестердің (жұмыстардың) және қызмет көрсетулердің сапасы мәселелерінде мемлекет пен тұтынушылардың мүдделерін қорғау шараларын белгілейді.

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

#### **1-бап. Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар**

Осы Заңда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) өзара алмасымдылық - бір бұйымның, процестің, көрсетілетін қызметтің дәл сондай бір талаптарды орындау мақсатында басқа бұйымның, процестің, қызмет көрсетудің орнына пайдалануға жарамдылығы;

2) мемлекеттік стандарттау - бір елдің деңгейінде жүргізілетін стандарттау;

3) техникалық-экономикалық ақпараттың мемлекеттік жіктегіші - өнімнің, процестердің (жұмыстардың), қызмет көрсетулердің техникалық- экономикалық ақпарат объектілерінің жіктелген топтарының кодтары мен атауларының жүйелендірілген жиынтығын білдіретін стандарттау жөніндегі құжат;

4) стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттардың міндетті талаптарының сақталуын мемлекеттік қадағалау - стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі уәкілетті орган мен оның аумақтық бөлімшелерінің міндетті талаптардың бұзылу фактілерін анықтауға, олардың жолын кесуге, оларды жоюға бағытталған қызметі;

5) *А л ы н ы п т а с т а л д ы*

6) Қазақстан Республикасының мемлекеттік стандарттау жүйесі - өз құзыреттері шегінде стандарттау саласындағы, оның ішінде өнімді каталогтау саласындағы жұмыстарды жүзеге асыратын мемлекеттік басқару органдарының, жеке және заңды тұлғалардың, Қазақстан Республикасында стандарттау жөніндегі жұмыстарды жүргізу тәртібін белгілейтін нормативтік құжаттардың жиынтығы;

7) Қазақстан Республикасының мемлекеттік стандарты - стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі уәкілетті орган бекіткен, тұтынушылардың қалың көпшілігінің қолы жетімді стандарт;

8) Қазақстан Республикасының мемлекеттік стандарттар қоры - Қазақстан Республикасының аумағында сақталуға міндетті стандарттардан, техникалық регламенттер мен құжаттардан тұратын Қазақстан Республикасы мемлекеттік басқару органдарына мамандандырылған қорларының жиынтығы;

9) мемлекетаралық стандарттау - мемлекетаралық мүддені білдіретін объектілерді стандарттау;

10) мемлекетаралық стандарт - Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі Мемлекетаралық Кеңес немесе Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерінің құрылысында Стандарттау және техникалық нормалау жөніндегі мемлекетаралық ғылыми-техникалық комиссия қабылдаған, олар тікелей қолданатын стандарт;

11) стандарттау жөніндегі халықаралық ұйым - әрбір елдің тиісті стандарттау метрология және сертификаттау жөніндегі тиісті мемлекеттік органының мүше болуы үшін ашық стандарттау жөніндегі ұйым;

12) халықаралық стандарттау - барлық елдердің тиісті органдарының қатысуы үшін ашық стандарттау;

13) халықаралық стандарт - стандарттау жөніндегі халықаралық ұйым қабылдаған және тұтынушылардың қалың көпшілігінің қолы жетімді стандарт;

14) ұлттық стандарт - стандарттау жөніндегі ұлттық орган қабылдаған және тұтынушылардың қалың көпшілігінің қолы жетімді стандарт;

15) стандарттау жөніндегі нормативтік құжат - стандарттау жөніндегі қызметтің әр түріне және олардың нәтижелеріне қатысты нормаларды, ережелерді, сипаттамаларды, принциптерді белгілейтін құжат;

16) стандарттау саласы - стандарттаудың өзара байланысты объектілерінің жиынтығы;

17) мемлекеттік басқару органы - өнімнің сипаттамаларын немесе онымен байланысты сақталуы міндетті болып табылатын өндіріс процестері (жұмыстары) мен әдістерін өз құзыретінің шегінде белгілейтін орган;

18) негіз қалаушы стандарт - кең салада қолдануға болатын немесе белгілі бір салаға арналған жалпы ережелерді қамтитын құжат;

18-1) салалық стандарт - салалық маңызы бар өнімдерге, процестер (жұмыстар) мен қызмет көрсетулерге қойылатын талаптары бар стандарт;

19) стандарттау жөніндегі аймақтық ұйым - тек бір географиялық, саяси немесе экономикалық аймақтағы әрбір елдің стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі тиісті мемлекеттік органының мүше болуы үшін ашық стандарттау жөніндегі ұйым;

20) аймақтық стандарттау - әлемнің тек бір ғана географиялық, саяси немесе экономикалық аймағы елдерінің тиісті органдарының қатысуы үшін ашық стандарттау;

21) аймақтық стандарт - стандарттау жөніндегі аймақтық ұйым қабылдаған және тұтынушылардың қалың көпшілігінің қолы жетімді стандарт;

22) мемлекеттік стандарттау жүйесінің тізілімі - стандарттау, метрология және сертификаттау саласындағы объектілердің, жұмыстарға қатысушылар мен құжаттардың тіркелуін есепке алу құжаты;

23) стандарттау жүйесі - стандарттауға қатысушылардың, өнімге, процестерге (жұмыстарға), қызмет көрсетулерге қойылатын талаптарды белгілейтін нормативтік құжаттардың жиынтығы;

23-1) өнімді каталогтау жүйесі өндірілетін өнімнің сипаттамалары мен дайындаушылары туралы белгіленген тәртіппен ақпарат жинауды және беруді қамтамасыз ететін ұйымдастырушылық-техникалық жүйе;

24) сыйысымдылық - өнімнің, процестердің (жұмыстардың) және қызмет көрсетулердің белгіленген талаптарды қойылған шарттарға орай бірлесе орындау үшін пайдалануда жағымсыз салдарларды тудырмайтын жарамдылығы;

25) стандарт - мүдделі тараптардың келісімі негізінде әзірленген және қызметтің әр түріне немесе олардың нәтижелеріне қатысты жаппай және көп мәрте пайдалану үшін ережелер, жалпы принциптер немесе сипаттамалар белгіленетін құжат; < \* >

26) стандарттау - нақты бар немесе ықтимал міндеттерге қатысты жаппай және көп мәрте пайдалану үшін белгілі бір салада ережелерді реттеудің оңтайлы дәрежесіне қол жеткізуге бағытталған қызмет;

27) техникалық шарттар - нақты өнімге, процестерге, көрсетілетін қызметтерге немесе өнімнің бірнеше түріне қойылатын техникалық талаптарды белгілейтін стандарттау жөніндегі нормативтік құжат;

28) стандарттау жөніндегі техникалық комитет - экономиканың белгілі бір саласында мемлекеттік стандарттарды әзірлеу және салааралық деңгейде стандарттау жөніндегі жұмыстарды жүргізу үшін мүдделі заңды тұлғалардың базасында құрылатын стандарттау жөніндегі жұмыс органы;

29) техникалық регламент - стандартқа немесе ережелерге тікелей не оларға сілтеме жасау арқылы, не осы құжаттардың мазмұнын енгізу арқылы міндетті

талаптар белгілейтін нормативтік құжат. Ол сондай-ақ терминологияға, белгілеулерге, буып-түюге, таңбалауға, олар өнімге, процеске (жұмысқа), қызмет көрсетуге немесе өндірістің әдісіне қолданылатын дәрежеде талаптарды қамтуы немесе ерекше мазмұндауы мүмкін;

29-1) стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі уәкілетті орган - стандарттау, метрология, сертификаттау және тіркеу жөніндегі жұмыстарды басқаруды жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

30) фирмалық стандарт - өнімнің, процестің (жұмыстың), қызмет көрсетулердің нақты түріне қойылатын талаптарды белгілейтін, бір заңды немесе жеке тұлға әзірлеген және тек сол жеке немесе заңды тұлға ғана қолданатын құжат.

31) стандарттау жөніндегі сарапшы-аудитор - стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі уәкілетті орган белгілеген тәртіппен стандарттау саласында жұмыстар жүргізу құқығына аттестатталған жеке тұлға.

*Ескерту. 1-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 11 маусымдағы N 432 Заңымен.*

## **2-бап. Осы Заңның қолданылу аясы**

Осы Заңның күші мемлекеттік басқару органдарына, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында шаруашылық және өзге де қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғаларға қолданылады.

## **3-бап. Стандарттау туралы заңдар**

1. Қазақстан Республикасының стандарттау туралы заңдары Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және осы Заң мен өзге де нормативтік құқықтық актілерден тұрады.

2. Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шартта осы Заңдағыдан өзгеше ережелер белгіленген болса, халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

## **4-бап. Стандарттаудың мақсаттары мен принциптері**

Стандарттаудың негізгі мақсаттары мыналар болып табылады:

1) өнімге, процестерге (жұмыстарға), қызмет көрсетулерге нормалар, ережелер мен сипаттамалар (бұдан әрі - талаптар) белгілеу;

2) өнімнің, процестердің (жұмыстардың), көрсетілетін қызметтердің адамдар өмірі, денсаулығы, мүліктер үшін қауіпсіздігін, қоршаған ортаның қорғалуын қамтамасыз ету;

3) саудада техникалық кедергілерді жою, өнімнің ішкі және сыртқы рыноктардағы бәсекелестік қабілетін қамтамасыз ету;

4) өнімнің техникалық және ақпараттық сыйысымдылығын, сондай-ақ өзара алмасымдылығын қамтамасыз ету;

5) өлшемдер бірлігін қамтамасыз ету;

6) ресурстардың барлық түрін сақтау және ұтымды пайдалану;  
7) елдің қорғаныс қабілеті мен жұмылдырушылық әзірлігін қамтамасыз ету;  
8) табиғи және техногенді апаттар мен басқа да төтенше жағдайлардың туындау қаупін ескере отырып, шаруашылық объектілерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

9) өнімнің, процестердің (жұмыстардың), қызмет көрсетулердің қауіпсіздігі мен сапасы мәселелерінде тұтынушылардың мүдделерін қорғау.

Стандарттаудың негізгі принциптері:

1) келісу;

2) бүкпесіздік;

3) еріктілік;

4) отандық және шетелдік өндірушілер мен өнім берушілер үшін стандарттау саласындағы бірдей талаптар;

5) экономикалық қисындылық болып табылады.

*Ескерту. 4-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 11 маусымдағы N 432 Заңымен.*

#### **5-бап. Стандарттау объектілері**

Көп мәрте ұдайы өндірілу және (немесе) пайдалану перспективасы өнімдер, процестер (жұмыстар), қызмет көрсетулер стандарттау объектілері болып табылады.

#### **6-бап. Стандарттау жөніндегі жұмыстарды мемлекеттік басқару**

1. Қазақстан Республикасында стандарттау жөніндегі жұмыстарды басқаруды стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі уәкілетті орган жүзеге асырады.

2. Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі уәкілетті орган:

1) стандарттау саласында бірыңғай мемлекеттік саясатты қалыптастырады және іске асырады; < \* >

2) мемлекеттік басқару органдарының, жеке және заңды тұлғалардың осы саладағы қызметін үйлестіреді;

3) мемлекетаралық, халықаралық, аймақтық стандарттау жөніндегі жұмыстарға қатысады;

4) стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттардың міндетті талаптарының сақталуына мемлекеттік қадағалау жүргізуді ұйымдастырады және жүзеге асырады;

5) мемлекеттік стандарттау жүйесін құрады;

6) стандарттау саласындағы кадрларды кәсіби даярлауды және қайта даярлауды ұйымдастырады;

7) стандарттау бойынша халықаралық, аймақтық, ұлттық стандарттарды,

ережелер мен ұсынымдарды қолданудың тәртібін белгілейді;

8) жеке және заңды тұлғалармен, стандарттау жөніндегі техникалық комитеттермен өзара іс-қимыл жасайды;

9) мемлекеттік стандарттарда, мемлекеттік стандарттау жүйесінің ережелері мен ұсынымдарында стандарттау жөніндегі жұмыстарды жүргізудің жалпы ұйымдастыру-әдістемелік және жалпытехникалық ережелерін, жеке және заңды тұлғалардың бір-бірімен, мемлекеттік басқару органдарымен өзара іс-қимыл жасауының нысандары мен әдістерін белгілейді;

10) стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттардың мемлекеттік тілге және орыс тіліне аударылуын және олардың расталуын қамтамасыз етеді; <\*>

11) стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттардың стандарттар, халықаралық және аймақтық нормалар талаптарына сәйкестігіне сараптаманы жүзеге асыру тәртібін белгілейді. <\*>

3. Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару органдары стандарттау жөніндегі жұмыстарға өздерінің құзыреттері шегінде қатысады.

4. Жеке және заңды тұлғалар стандарттау жөніндегі қызметін осы Заңға, стандарттау саласындағы қатынастарды реттейтін өзге де нормативтік құқықтық актілерге сәйкес өздерінің құзыреттері шегінде ұйымдастырады және жүзеге асырады, осы жұмыстарды орындау үшін стандарттау жөніндегі тиісті бөлімшелер мен қызметтер, оның ішінде стандарттау жөніндегі техникалық комитеттер құра алады.

*Ескерту. 6-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 11 маусымдағы N 432 Заңымен.*

#### **7-бап. Стандарттау саласындағы халықаралық ынтымақтастық**

Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі уәкілетті орган стандарттау, метрология, сертификаттау, сапаны басқару және аккредитациялау жөніндегі халықаралық және аймақтық ұйымдарда өз құзыретінің шегінде Қазақстан Республикасының өкілі болады. <\*>

*Ескерту. 7-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 11 маусымдағы N 432 Заңымен.*

### **2-тарау. Мемлекеттік стандарттау жүйесі**

#### **8-бап. Мемлекеттік стандарттау жүйесінің ұйымдық құрылымы**

Мемлекеттік стандарттау жүйесінің ұйымдық құрылымы:

1) стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі уәкілетті органнан, оның аумақтық бөлімшелерінен және ведомстволық бағыныстағы кәсіпорындарынан; <\*>

2) стандарттау саласындағы құзыреттерінің шегінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару органдарынан;

3) жеке және заңды тұлғалардан, оның ішінде стандарттау жөніндегі техникалық комитеттерден, сарапшы-аудиторлардан;

4) Қазақстан Республикасы стандарттарының мемлекеттік қорынан тұрады.

*Ескерту. 8-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 11 маусымдағы N 432 Заңымен.*

### **9-бап. Стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттар және оларға қойылатын талаптар**

1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік стандарттау жүйесінде қолданылатын стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттарға мыналар жатады:

1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік стандарттары - ҚР СТ (бұдан әрі - мемлекеттік стандарттар);

2) техникалық-экономикалық ақпараттың мемлекеттік жіктегіштері - ТЭА МЖ (бұдан әрі - мемлекеттік техникалық-экономикалық ақпарат жіктегіштері);

3) мемлекетаралық стандарттар - МЕМСТ (бұдан әрі - мемлекетаралық стандарттар), техникалық-экономикалық ақпарат жіктегіштері, ережелер мен ұсынымдар;

4) белгіленген тәртіппен қолданылатын стандарттау жөніндегі халықаралық, аймақтық және ұлттық стандарттар, техникалық-экономикалық ақпарат жіктегіштері, техникалық шарттар, ережелер, нұсқаулықтар, қағидалар, нұсқаулар, әдістемелік нұсқаулар мен ұсынымдар;

5) ғылыми-техникалық, инженерлік қоғамдар мен басқа да қоғамдық бірлестіктердің стандарттары;

6) ұсынымдар;

7) фирмалық стандарттар;

8) техникалық шарттар;

9) салалық стандарттар.

2. Стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттар белгілейтін талаптар ғылымның, техника мен технологияның жетістіктеріне негізделуге тиіс және өнімді пайдаланудың, процестер (жұмыстар) мен қызмет көрсетулерді орындаудың шарттарын, еңбек жағдайлары мен режимдерін ескере отырып, Қазақстан Республикасы заңдарының қолданылып жүрген техникалық регламенттерге, халықаралық және шет елдердің аймақтық және ұлттық стандарттарының талаптарына, стандарттау жөніндегі ережелер мен ұсынымдарға қайшы келмеуге тиіс.

Стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттарды әзірлеу кезінде олар адамдардың өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігі, қоршаған ортаны қорғау талаптарына және Қазақстан Республикасында қабылданған техникалық нормаларға сәйкес келмейтін жағдайларды қоспағанда, қолданылып жүрген халықаралық техникалық регламенттер мен стандарттар немесе аяқталу



сатысындағы олардың жобалары қолданылады.

Стандарттау жөніндегі нормативтік құжат жобасын әзірлеу кезеңінде халықаралық стандарттар болмаған немесе әзірленетін мемлекеттік стандарт халықаралық талаптарға сәйкес келмеген жағдайда оған бұқаралық ақпарат құралдарында немесе стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі уәкілетті органның арнаулы басылымдарында мүдделі мемлекеттік басқару органдарының, жеке және заңды тұлғалардың талқылауы және ескертпелер мен ұсыныстар әзірлеу үшін аңдатпалар немесе хабарламалар жарияланады. Стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттардың жобаларын қарау тәртібін және ескертпелер мен ұсыныстар дайындау мерзімін мемлекеттік стандарттау жүйесі белгілейді.

3. Міндетті сертификатталуға тиісті өнімге, процестерге (жұмыстарға), қызмет көрсетуге арналған стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттарда міндетті сертификаттау жүзеге асырылатын талаптар, осы талаптарға сәйкестікті бақылау әдістері, өнімді таңбалау мен буып-түю тәртібі, сертификаттау туралы ақпарат болуы тиіс.

4. Стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттар өндірісте және басқа мемлекеттермен саудада техникалық кедергі болмауға тиіс:

Өнімнің нақты топтары мен түрлерінің мақсатты арналымы мен техникалық сыйысымдылығының көрсеткіштері өнімді әзірлеу мен оны өндіріске қою кезінде, егер оларды беруге арналған шартта (келісім-шартта) өзгеше көзделмесе, республиканың аумағында қабылданған нормалар мен талаптарға сәйкестікте белгіленеді.

5. Осы баптың 1-тармағының 1), 2), 5)-9) тармақшаларында көрсетілген стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттар, оларға өзгерістер, сондай-ақ олардың күшін жою туралы шешімдер бекітілуге және тіркелуге жатады.

Стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттарды тіркеудің, егер олардың нормалары мен талаптары республиканың аумағында қолданылмайтын болса, сондай-ақ халықаралық сауда ережелері өзгерген кезде, белгіленген тәртіппен күші жоюылады.

6. Мемлекеттік стандарттар мен техникалық-экономикалық ақпараттың жіктегіштері, сондай-ақ мемлекеттік басқару органдарының өздерінің құзыретіне сәйкес бекіткен стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттары авторлық құқық объектісі болып табылмайды.

7. Стандарттау жөніндегі мемлекетаралық нормативтік құжаттар Стандарттау , метрология және сертификаттау жөніндегі Мемлекетаралық Кеңес белгілеген тәртіппен әзірленеді, келісіледі және қабылданады.

*Ескерту. 9-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 11 маусымдағы N 432 Заңымен.*



## **10-бап. Мемлекеттік стандарттар, техникалық-экономикалық ақпараттың мемлекеттік жіктегіштері**

1. Мемлекеттік стандарттар салааралық мәні және көп мәрте ұдайы өндіру және (немесе) пайдалану перспективасы бар өнімге, процестерге (жұмыстарға), қызмет көрсетулерге, ұйымдастыру-әдістемелік және жалпы техникалық сипаттағы нормалар мен талаптарға әзірленеді және олар Қазақстан Республикасының заңдарына, Қазақстан Республикасында қолданылып жүрген халықаралық және мемлекетаралық стандарттардың талаптарына қайшы келмеуі т и і с .

2. Стандарттау объектілерін, мемлекеттік стандарттардың мазмұнына олардың таратылу саласына, олардың қолданылу аясына және енгізу күніне қойылатын талаптарды стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі уәкілетті орган белгілейді.

Мемлекеттік стандарттарда, негізделген жағдайларда дәстүрлі технологиялар мүмкіндігінен басым түсетін, отандық өнімнің, процестердің (жұмыстардың), қызмет көрсетулердің перспективасын қамтамасыз ететін алдын ала талаптар белгіленеді .

3. Өнімнің, процестердің (жұмыстардың), қызмет көрсетулердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, қоршаған ортаның, азаматтардың өмірін, денсаулығын және мүлкін қорғау үшін, техникалық және ақпараттық сыйысымдылықты, өнімнің өзара алмасымдылығын, оларды бақылау әдістерінің бірлігін және таңбалаудың бірлігін қамтамасыз ету үшін мемлекеттік стандарттар белгілейтін талаптар, мемлекеттік басқару органдарының, меншік нысанына қарамастан жеке және заңды тұлғалардың сақтауы үшін міндетті болып табылады.

Өнімнің, процестердің (жұмыстардың), қызмет көрсетулердің мемлекеттік стандарттардың міндетті талаптарына сәйкестілігі Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен айқындалады.

Өнімге, процестерге (жұмыстарға), қызмет көрсетулерге мемлекеттік стандарттардың өзге талаптарын тапсырысшымен шартқа немесе өнімді дайындаушының (берушінің) процесті немесе қызмет көрсетуді атқарушының техникалық құжаттамасына сәйкес жеке және заңды тұлғалар міндетті түрде сақтауға тиіс .

4. Мемлекеттік стандарттар мен техникалық-экономикалық, ақпараттың мемлекеттік жіктегіштерін мемлекеттік басқару органдары, уәкілетті заңды тұлғалар, стандарттау жөніндегі техникалық комитеттер стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі орган белгілеген тәртіппен әзірлейді.

5. Ұйымдастыру-әдістемелік және жалпы техникалық сипаттағы негізге алынатын мемлекеттік стандарттарды стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі уәкілетті орган немесе оның тапсыруы бойынша

Қазақстан Республикасының басқа да уәкілетті мемлекеттік басқару органдары мен заңды тұлғалары әзірлейді.

6. Мемлекеттік стандарттар мен техникалық-экономикалық ақпараттың мемлекеттік жіктегіштерін әзірлеуге өнімді әзірлеушілердің, жасаушылардың, тұтынушылардың, ғылыми-техникалық және инженерлік қоғамдардың, тұтынушылар қоғамдарының өкілдері, стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі уәкілетті орган мен оның бөлімшелерінің мамандары, Қазақстан Республикасының ғалымдары тартылуы мүмкін.

7. Мемлекеттік стандарттарды және техникалық-экономикалық ақпараттың жіктегіштерін әзірлеудің, қайта қараудың, келісудің, бекітудің, мемлекеттік тіркеудің, қолданысқа енгізудің, қолданудың, сондай-ақ оларды жүргізудің тәртібін стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі уәкілетті орган белгілейді.

8. Мемлекеттік стандарттау жүйесінің тізілімінде тіркелмеген мемлекеттік стандарттар мен техникалық-экономикалық ақпараттың жіктегіштері қолданылуға жатпайды.

*Ескерту. 10-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 11 маусымдағы N 432 Заңымен.*

#### **10-1-бап. Салалық стандарттар**

1. Салалық стандарттар салалық маңызы бар өнімге, процестер (жұмыстар) мен қызмет көрсетулерге әзірленеді және оларды мемлекеттік басқару органдары өз құзыреті шегінде бекітеді.

2. Салалық стандарттардың объектілері мен осы стандарттарды әзірлеу, келісу, тіркеу жөніндегі жалпы ережелерді стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі уәкілетті орган белгілейді.

3. Салалық стандарттардың түрлеріне, олардың объектілеріне, әзірлену және келісілу ерекшеліктеріне, бекіту тәртібіне қойылатын талаптарды өз құзыреті шегінде мемлекеттік басқару органдары белгілейді.

4. Салалық стандарттармен белгіленген нормалар және талаптар мемлекеттік, мемлекетаралық, халықаралық стандарттармен белгіленгеннен төмен болмауға тиіс.

*Ескерту. 10-1-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 11 маусымдағы N 432 Заңымен.*

#### **11-бап. Ғылыми-техникалық, инженерлік қоғамдардың және басқа да қоғамдық бірлестіктердің стандарттары**

1. Ғылыми-техникалық, инженерлік қоғамдардың және басқа да қоғамдық бірлестіктердің стандарттары іргелі, қолданбалы зерттеулер мен әзірлемелердің білімнің түрлі салаларында алынған нәтижелерін тарату мен пайдалану үшін әзірленеді және қолданылады.

2. Ғылыми-техникалық, инженерлік қоғамдардың және басқа да қоғамдық бірлестіктердің стандарттары Қазақстан Республикасында қолданылып жүрген мемлекеттік және мемлекетаралық стандарттардың, техникалық регламенттердің міндетті талаптарына қайшы келмеуге тиіс.

3. Ғылыми-техникалық, инженерлік қоғамдардың және басқа да қоғамдық бірлестіктердің стандарттары стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі уәкілетті орган белгілеген тәртіппен бекітіледі және тіркеледі.

#### **12-бап. Ұсынымдар**

1. Ұсынымдар стандарттау, метрология және сертификаттау саласындағы қандай да бір болмасын қызметтің түрін ұйымдастыру мен жүзеге асырудың тәртібін және кеңесті немесе нұсқауды қамтитын ережені белгілейді.

2. Ұсынымдарды құруға, ресімдеуге, мазмұнына, жазуға, оларды әзірлеудің, келісудің, бекітудің, тіркеу мен қолданудың тәртібіне қойылатын талаптарды стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі уәкілетті орган белгілейді.

3. Мемлекеттік стандарттау жүйесінің тізілімінде тіркелмеген ұсынымдар қолданылуға жатпайды.

#### **13-бап. Фирмалық стандарттар**

1. Фирмалық стандарттарды жеке және заңды тұлғалар осы Заңның 5-бабында белгіленген объектілерге әзірлеп, бекіте алады.

2. Фирмалық стандарттарды әзірлеушілер дербес бекітеді және тіркейді.

3. Фирмалық стандарттар Қазақстан Республикасында қабылданған стандарттар мен техникалық регламенттердің міндетті талаптарына қайшы келмеуге тиіс.

4. Белгіленген міндетті талаптардың сақталмауы үшін оларды бекіткен жеке және заңды тұлғалар жауапты болады.

5. Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі уәкілетті орган фирмалық стандарттарды әзірлеу, келісу, бекіту және тіркеу жөніндегі жалпы ережелерді белгілейді.

*Ескерту. 13-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 11 маусымдағы N 432 Заңымен.*

#### **14-бап. Техникалық шарттар**

1. Техникалық шарттар нақты өнімге, процестерге, көрсетілетін қызметтерге немесе өнімнің бірнеше түріне қойылатын талаптарды белгілейді.

2. Техникалық шарттардың талаптары мемлекеттік және мемлекетаралық стандарттарда белгіленетін техникалық регламенттер мен міндетті талаптарға қайшы келмеуге тиіс.

3. Техникалық шарттарды жеке және заңды тұлғалар әзірлейді және бекітеді.

4. Техникалық шарттар, оларға өзгерістер, сондай-ақ олардың күшін жою

туралы шешімдер стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі уәкілетті органның немесе оған ведомстволық бағыныстағы бөлімшелердің мемлекеттік стандарттау жүйесінің тізілімінде міндетті түрде тіркелуге тиіс.

5. Мемлекеттік стандарттау жүйесінің тізілімінде тіркелмеген техникалық шарттар мен оларға өзгерістер жарамсыз болып табылады.

6. Техникалық шарттарды әзірлеудің, келісудің, бекітудің, тіркеудің тәртібін стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі уәкілетті орган белгілейді.

### **15-бап. Нормативтік құжаттарды қолдану**

1. Қазақстан Республикасы аумағында қолданылатын стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттарды өнімді әзірлеу, өндіріске қою, өнімді жасау, өткізу (жеткізу, сату), пайдалану (пайдаға асыру), сақтау, тасымалдау мен кәдеге жарату сатысында, процестерді (жұмыстарды) атқару және қызметтер көрсету кезінде мемлекеттік басқару органдары, жеке және заңды тұлғалар қолдануға тиіс.

Ұсынымдық талаптары бар мемлекеттік және мемлекетаралық стандартты қолдану, егер оған республикада қолданылатын техникалық сипаттағы талаптар, нормалар мен ережелер бар техникалық регламенттерге сілтеме болса, міндетті б о л ы п т а б ы л а д ы .

Халықаралық стандарттау жүйесі ережелеріне сәйкес, техникалық регламенттерге осы Заңға сәйкес құзыретіне міндетті талаптарды (құрылыс, санитарлық, фитосанитарлық және ветеринарлық нормалар мен ережелер, фармакопоялық баптар, өртке қарсы қауіпсіздік және төтенше жағдайлар, тау-кен қадағалау, атом, экологиялық және радиациялық қауіпсіздік, жолдардағы және көліктің барлық түріндегі қауіпсіздік нормалары мен ережелері және басқалар) белгілеу кіретін мемлекеттік басқару органдары қабылдайтын стандарттау жөніндегі нормативтік құқықтық актілерді және нормативтік құжаттарды, міндетті талаптар бөлігінде мемлекетаралық және мемлекеттік стандарттарды ж а т қ ы з у к е р е к . < \* >

Техникалық регламенттерді әзірлеудің, келісудің, бекітудің, қайта қараудың, күшін жою мен қолданудың тәртібін оларды бекіткен орган белгілейді.

2. Тапсырысшы мен дайындаушы (атқарушы) шартқа өнімнің орындалатын процестер (жұмыстар) мен көрсетілетін қызметтердің қолданылатын мемлекеттік , мемлекетаралық стандарттардың және техникалық регламенттердің міндетті талаптарына сәйкестігі туралы талап енгізуге міндетті.

Республика аумағынан әкету мақсатында оның аумағында өндірілетін өнімге, орындалатын процестерге (жұмыстарға), көрсетілетін қызметтерге қатысты стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттарды қолданудың қажеттілігі, Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларды қоспағанда, келісім-шартпен (шартпен) айқындалады.

Стандарттау жөніндегі мемлекетаралық нормативтік құжаттар Қазақстан Республикасы мүшесі болып табылатын стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі Мемлекетаралық Кеңес қабылдаған ережелерге сәйкес қ о л д а н ы л а д ы .

Қазақстан Республикасында стандарттау жөніндегі мемлекетаралық нормативтік құжаттарды қолданысқа енгізуді стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі уәкілетті орган жүзеге асырады.

3. Жеке және заңды тұлғаларға халықаралық, аймақтық және ұлттық стандарттарды, техникалық регламенттер мен шет елдердің стандарттау жөніндегі басқа нормативтік құжаттарын стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі уәкілетті орган белгілеген тәртіппен тікелей қолдану қ ұ қ ы ғ ы б е р і л е д і .

Шетел фирмаларының құжаттамасы шетел фирмалары келісім-шартының ережелері бойынша Қазақстан Республикасына әкелінетін және өндірілетін ( жасалатын, атқарылатын) өнім, процестер (жұмыстар), қызмет көрсетулер міндетті талаптар, оның ішінде халықтың өмірі мен денсаулығының, азаматтардың мүлкінің қауіпсіздігін және қоршаған ортаны қорғау талаптары жағынан осыған ұқсас өнім, процестер (жұмыстар), қызмет көрсетулер үшін Қазақстан Республикасында қабылданған міндетті талаптардан төмен болмауға т и і с .

Қазақстан Республикасына әкелінетін өнімнің, процестердің (жұмыстардың), қызмет көрсетулердің мемлекеттік, мемлекетаралық стандарттардың және техникалық регламенттердің міндетті талаптарына сәйкестілігін растау Қазақстан Республикасы заңдарында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

*Ескерту. 15-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 11 маусымдағы N 432 Заңымен.*

#### **16-бап. Стандарттау жөніндегі жұмыстарды жоспарлау**

1. Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі уәкілетті орган республикадағы стандарттау жөніндегі жұмыстарды жоспарлауға ұйымдастыру-әдістемелік басшылықты жүзеге асырады.

2. Мемлекетаралық стандарттау жөніндегі жұмыстарды жоспарлаудың, тәртібі мен нысандары стандарттарға және мемлекетаралық стандарттау ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады.

3. Мемлекеттік стандарттау бағдарламалары мен жоспарлары Қазақстан Республикасы мемлекеттік басқару органдарының, заңды тұлғаларының ұсыныстары негізінде әзірленеді, оны стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі уәкілетті орган бекітеді және бақылайды.

4. Стандарттау жөніндегі жұмыстарды жоспарлау Қазақстан Республикасы экономикасы салаларының басым бағыттары ескеріле отырып жүзеге асырылады.

### **3-тарау. Нормативтік құжаттар туралы ақпарат**

#### **17-бап. Нормативтік құжаттар туралы ақпарат**

1. Әзірленетін және қабылданған мемлекеттік, мемлекетаралық стандарттар, техникалық-экономикалық ақпарат жіктегіштері, техникалық регламенттер, ғылыми-техникалық, инженерлік қоғамдар мен басқа да қоғамдық бірлестіктердің стандарттары, міндетті нормалар мен талаптарды регламенттейтін стандарттау жөніндегі ережелер мен ұсынымдар туралы ресми ақпарат, сондай-ақ осы құжаттардың өзі пайдаланушылар үшін, оның ішінде шетелдік пайдаланушылар үшін олар мемлекеттік құпияны және заңмен қорғалатын басқа да құпияны құрамайтын бөлігінде қол жетімді болуы тиіс.

2. Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі уәкілетті орган:

1) мемлекеттік және мемлекетаралық стандарттар мен техникалық-экономикалық ақпараттың жіктегіштері, халықаралық, аймақтық стандарттар, стандарттау жөніндегі ережелер мен ұсынымдар, басқа мемлекеттердің ұлттық стандарттары туралы ресми ақпаратты, сондай-ақ стандарттау, метрология және сертификаттау саласындағы халықаралық шарттар және оларды қолданудың ережелері, стандарттарды әзірлеу жөніндегі бағдарламалар мен жоспарлар туралы ақпаратты белгіленген тәртіппен жариялауды ұйымдастырады;

2) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік стандарттар қорын ұйымдастырады және оның жұмысын үйлестіреді, мемлекеттік және мемлекетаралық стандарттар мен техникалық-экономикалық ақпараттың жіктегіштері, сондай-ақ халықаралық, аймақтық стандарттардың, техникалық регламенттердің, стандарттау жөніндегі ережелердің, ұсынымдардың, шет елдердің ұлттық стандарттары деректерінің бірыңғай анықтамалық-библиографиялық базасын жүргізеді;

3) өнімді каталогтау жөніндегі ақпаратты қалыптастыруды, жүргізу мен беруді ұйымдастырады.

3. Пайдаланушыларды нормативтік құжаттармен, каталогтармен және көрсеткіштермен қамтамасыз ету мен оларды басып шығаруды шарттық негізде стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі уәкілетті орган, мемлекеттік басқару органы, сондай-ақ олар уәкілеттік берген мемлекеттік кәсіпорындар жүзеге асырады.

4. Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі уәкілетті органның жүйесінде халықаралық ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау және стандарттар мен сертификаттау рәсімдеріне қатысты тиісті хабарламаларды, құжаттама мен ақпаратты мүдделі адамдарға беру үшін ақпараттық орталық құрылады.



5. Стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттарды өз құзыретінің шегінде қабылдаған мемлекеттік басқару органдары, стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттарды бекіткен жеке және заңды тұлғалар осы құжаттардың ақпараттық қорын қалыптастырады және жүргізеді, сондай-ақ пайдаланушыларды Қазақстан Республикасы заңдарында белгіленген тәртіппен олар туралы ақпаратпен және сол құжаттардың өзімен қамтамасыз етеді.

Бекіту туралы ресми ақпарат пен әрбір құжаттың бір данасы бірыңғай анықтамалық-библиографиялық деректер базасын қалыптастыру үшін стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі уәкілетті органға ж о л д а н а д ы .

6. Халықаралық, мемлекетаралық және шет елдердің ұлттық стандарттарын, мемлекеттік стандарттарды, ғылыми-техникалық, инженерлік қоғамдар мен басқа да қоғамдық бірлестіктердің стандарттарын және техникалық-экономикалық ақпараттың жіктегіштерін ресми жариялау құқығы тек стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі уәкілетті органға т и е с і л і .

Стандарттау жөніндегі қабылданған нормативтік құжаттарды ресми жариялау мемлекеттік стандарттау жүйесі белгілеген тәртіппен жүзеге асырылуы тиіс.

*Ескерту. 17-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 11 маусымдағы N 432 Заңымен.*

#### **17-1-бап. Өнімді каталогтау жүйесі**

1. Өнімді каталогтау жүйесі мемлекеттік стандарттау жүйесінің құрамдас бөлігі болып табылады, мемлекеттің, дайындаушылардың және тұтынушылардың мүдделері үшін жасалады.

2. Каталогтауға Қазақстан Республикасының аумағында өндірілетін өнім ж а т а д ы .

*Ескерту. 17-1-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 11 маусымдағы N 432 Заңымен.*

**4-тарау. Стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттардың міндетті талаптарының сақталуын мемлекеттік қадағалау**

**18-бап. Стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттардың міндетті талаптарының сақталуын мемлекеттік қадағалау**

1. Стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттардың міндетті талаптарының сақталуын мемлекеттік қадағалауды стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі уәкілетті орган мен оның аумақтық бөлімшелері жүзеге а с ы р а д ы .

10-баптың 3-тармағына сәйкес міндетті талаптарға жатқызылмаған өзге де



талаптар тұтынушылар тарапынан шағымдар мен дау-дамай болған жағдайда  
т е к с е р і л е д і .

2. Нормативтік құжаттардың міндетті талаптарының сақталуын мемлекеттік қадағалау Қазақстан Республикасының аумағындағы жеке және заңды тұлғаларда, оның ішінде шетел ұйымдарында, өнімді әзірлеу, өндіріске дайындау , оны жасау, өткізу (беру, сату), өнімді пайдалану (қолдану), сақтау, тасымалдау мен кәдеге жарату сатыларында, сондай-ақ, процестерді (жұмыстарды) орындау мен қызмет көрсетулер кезінде жүзеге асырылады.

3. Стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттардың міндетті талаптарын әзірлеуші кәсіпорындардың сақтауын оқтын-оқтын жоспарлы тексеруді кәсіпорындағы өнімнің, процестердің және көрсетілетін қызметтердің сапасының жай-күйіне байланысты, бірақ жиі дегенде жылына бір рет стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі уәкілетті орган белгілейді.

4. Тұтынушылар тарапынан өнімнің, процестердің (жұмыстардың), қызмет көрсетулердің қанағаттанғысыз сапасына шағымдар мен дау-дамайлар болған жағдайда, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттардың және техникалық құжаттардың әзірлеуші (орындаушы) қолданатын көрсеткіштері бойынша жоспардан тыс тексерулер жүргізілуі мүмкін.

5. Стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттардың міндетті талаптарының сақталуын мемлекеттік қадағалауды жүзеге асырудың тәртібін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес стандарттау метрология және сертификаттау жөніндегі уәкілетті орган белгілейді.

6. Осы Заңға енбеген мемлекеттік қадағалауды жүзеге асырған кезде лауазымды адамдардың құқықтары мен өкілеттігі белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметі қабылдаған нормативтік құқықтық актілермен белгіленеді.

*Ескерту. 18-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 11 маусымдағы N 432 Заңымен.*

**19-бап. Стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттардың міндетті талаптарының сақталуын мемлекеттік қадағалауды жүзеге асыратын лауазымды адамдар**

1. Стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттардың міндетті талаптарының сақталуын мемлекеттік қадағалауды жүзеге асыратын лауазымды адамдарға м ы н а л а р ж а т а д ы :

1) Қазақстан Республикасының стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттардың міндетті талаптарының сақталуын және өлшеу құралдарын қадағалау жөніндегі бас мемлекеттік инспекторы - стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі уәкілетті органның басшысы;

2) Бас мемлекеттік инспектордың орынбасары - стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі уәкілетті орган басшысының орынбасары;

3) облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) және қалалардың стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттардың міндетті талаптарының сақталуын және өлшеу құралдарын қадағалау жөніндегі бас мемлекеттік инспекторы - стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінің басшысы;

3-1) облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) және қалалардың стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттардың міндетті талаптарының сақталуын және өлшеу құралдарын қадағалау жөніндегі бас мемлекеттік инспекторының орынбасарлары - стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі уәкілетті органның аумақтық бөлімшелері бөлімдерінің б а с ш ы л а р ы ;

4) стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттардың міндетті талаптарының сақталуын және өлшеу құралдарын қадағалау жөніндегі мемлекеттік инспекторлар - стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі уәкілетті органның аумақтық бөлімшелері бөлімдерінің басшылары, барлық дәрежедегі м а м а н д а р ы .

2. Стандарттау бойынша нормативтік құжаттардың сақталуына мемлекеттік қадағалауды жүзеге асырушы лауазымды адамдар стандарттау метрология және сертификаттау жөніндегі уәкілетті орган белгілеген тәртіппен аттестатталуы тиіс.

*Ескерту. 19-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 11 маусымдағы N 432 Заңымен.*

### **20-бап. Мемлекеттік қадағалауды жүзеге асыратын лауазымды адамдардың құзыреті**

1. Стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттардың міндетті талаптарының сақталуын мемлекеттік қадағалауды жүзеге асыратын лауазымды адамдардың қ ұ з ы р е т і н е :

1) стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттардың міндетті талаптарының бұзылу себептерін анықтау және талдау;

2) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттың міндетті талаптарына сәйкес келмейтін өнімді өткізудің, процестерді (жұмыстарды) орындаудың, қызметтер көрсетудің жолын кесу және оларға жол бермеу жөнінде құқықтық ықпал ету шараларын қолдану;

3) мемлекеттік қадағалаудың нәтижелері бойынша осы Заңның 23-бабына с ә й к е с ұ й ғ а р ы м д а р б е р у ;

4) стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттардың міндетті талаптарын сақтауға мемлекеттік қадағалаудың нысандары мен әдістерін жетілдіру және

республиканың мүдделі құрылымдарымен өзара іс-қимыл жасау мәселелері жөнінде шаралар әзірлеу енеді.

2. Мемлекеттік қадағалау органдары өз қызметін кеден, санитария, ветеринария құқық қорғау және басқа да мемлекеттік басқару органдарымен өзара іс-қимылда жүзеге асырады.

3. Мемлекеттік басқару органдары және олардың лауазымды адамдары мемлекеттік қадағалау органдарына оларға жүктелген міндеттерді шешуге жәрдемдесуге міндетті.

### **21-бап. Мемлекеттік қадағалауды жүзеге асыратын лауазымды адамдардың құқықтары**

Стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттардың міндетті талаптарының сақталуын мемлекеттік қадағалауды жүзеге асыратын лауазымды адамдардың:

1) осы Заңға сәйкес мемлекеттік қадағалау үшін белгіленген объектілерге тексеруге тапсырманы (жолдаманы) және қызмет куәлігін көрсетіп кедергісіз к і р у г е ;

2) жеке және заңды тұлғалардан мемлекеттік қадағалау жүргізуге қажетті құжаттар мен мәліметтерді алуға;

3) техникалық құралдарды пайдалануға және бақыланатын өнімнің, процестердің (жұмыстардың) және қызмет көрсетулердің сапасын тексеру саласында, оның ішінде тексерілетін объектілерден мамандар мен сарапшыларды т е к с е р у г е т а р т у ғ а ;

4) стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттардың міндетті талаптарына сәйкестігін бақылау үшін сынақ (талдау, өлшеу) өткізуге өнімнің сынамалары мен үлгілерін іріктеу ісін жүргізуге;

5) өнімдер мен тауарлар Қазақстан Республикасы Үкіметі белгілеген тәртіппен сату мен тұтынуға жарамсыз болып танылған жағдайда, оларды жою жөніндегі комиссияларға қатысуға;

б) стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттардың міндетті талаптарын және сертификаттау немесе өнім өндіру, процестер (жұмыстар) мен қызмет көрсету ережелерін бұзу фактісі анықталған жағдайда белгіленген тәртіппен бекітілген стандарттау жөніндегі нормативтік құжатсыз өнімді өткізуге, тасымалдауға, сақтауға және пайдалануға, сондай-ақ қызметтер көрсетуге тыйым салуға;

7) міндетті сертификаттауға жататын өнімді сәйкестік сертификатынсыз(сәйкестік сертификатының көшірмелерінсіз) және (немесе) сәйкестік таңбаларынсыз немесе сәйкестігі туралы декларацияларсыз (сәйкестігі туралы декларациялар көшірмелерінсіз) өткізуге тыйым салуға құқығы бар.

*Ескерту. 21-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 11 маусымдағы N 432 Заңымен.*

## **22-бап. Мемлекеттік қадағалауды жүзеге асыратын лауазымды адамдарды қорғау шаралары**

1. Стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттардың міндетті талаптарының сақталуын мемлекеттік қадағалауды жүзеге асыратын лауазымды адамдар қаза тапқан немесе мертлікке жағдайда олардың Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен залалдың өтелуіне құқығы бар.

2. Шығыстарды өтеу Қазақстан Республикасы заңдарында белгіленген тәртіппен және жағдайларда республикалық бюджет есебінен жүргізіледі.

## **23-бап. Мемлекеттік қадағалау органдары беретін ұйғарымдардың түрлері**

1. Мемлекеттік қадағалаудың нәтижелері бойынша стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттардың міндетті талаптарының анықталған бұзылуларына қарай, нақты құқықтық ықпал ету шараларын қолдану мақсатында стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі уәкілетті орган мен оның бөлімшелерінің лауазымды адамдары ұйғарымдардың мынадай түрлерін береді:

1) стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттардың міндетті талаптарының анықталған бұзылуларын жою туралы;

2) өнімдер, процестер (жұмыстар), қызмет көрсетулер стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттардың міндетті талаптарына сай келмеген;

белгіленген тәртіппен тіркелген стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттама болмаған;

міндетті түрде сертификаттауға жататын өнімге (қызмет көрсетуге) сәйкестік сертификатының (сәйкестік сертификатының көшірмелері) және (немесе) сәйкестік таңбалары немесе сәйкестігі туралы декларациялары (сәйкестігі туралы декларациялар көшірмелері) болмаған; бұған құқығы болмастан өнім сәйкестік белгісімен таңбаланған жағдайларда тексерілген өнімді өткізуге (беруге, сатуға), пайдалануға (қолдануға), сондай-ақ процестерді (жұмыстарды) орындауға және қызметтер көрсетуге тыйым салу туралы; <\*>

3) стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттардың міндетті талаптарының бұзылу фактісі анықталған кезде және өнімді тиісті сапада өндіру үшін қажетті жағдайлар болмаған кезде өнім өндіруді, процесті (жұмысты), қызмет көрсетуді тоқтата тұру туралы.

### **2. Ұйғарымдарға:**

1) осы баптың 1) және 2) тармақшаларында аталған, өнімнің, процестің (жұмыстың), қызмет көрсетудің жекелей тексерілген партияларына берілетін ұйғарымдарға қол қою құқығы мемлекеттік қадағалауды жүзеге асырушы мемлекеттік инспекторларға тиесілі;

2) 2) тармақшадағы бір атаудағы бүкіл өнімге, процестер мен қызмет көрсетулерге берілетін ұйғарымдарға, сондай-ақ 3-тармақшадағы ұйғарымдарға

қол қою құқығы бас мемлекеттік инспекторларға тиесілі.

3. Ұйғарымдардың нысандарын және оларды беру тәртібін стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі уәкілетті орган белгілейді.

*Ескерту. 23-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 11 маусымдағы N 432 Заңымен.*

**24-бап. Мемлекеттік қадағалау органдарының лауазымды адамдары берген ұйғарымдарды орындаудың міндеттілігі**

Стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттардың міндетті талаптарының сақталуын қадағалауды жүзеге асыратын лауазымды адамдар берген және осы Заңның 23-бабында көзделген ұйғарымдар барлық жеке және заңды тұлғалардың орындауы үшін міндетті.

**5-тарау. Стандарттау туралы заңдарды бұзғаны үшін жауаптылық**

**25-бап. Қазақстан Республикасының стандарттау туралы заңдарын бұзғаны үшін жауаптылық**

Қазақстан Республикасының стандарттау туралы заңдарын бұзған тұлғалар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.

*Ескерту. 25-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 11 маусымдағы N 432 Заңымен.*

**6-тарау. Дауларды шешу**

**26-бап. Осы Заңның ережелерінің бұзылуына қатысты дауларды шешу**

Осы Заңның ережелерінің бұзылуы бөлігіндегі даулар Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен шешіледі.

**27-бап. Лауазымды адамдардың іс-әрекетіне шағым жасау**

Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі мемлекеттік орган мен оның ведомстволық бағыныстағы бөлімшелері лауазымды адамдарының іс-әрекеттеріне Қазақстан Республикасы заңдарында белгіленген тәртіппен шағым жасалуы мүмкін.

Шағым жасау қабылданған ұйғарымдардың атқарылуын тоқтатпайды.

**7-тарау. Мемлекеттік стандарттау жөніндегі жұмыстарды қаржыландыру**

**28-бап. Мемлекеттік стандарттау және мемлекеттік қадағалау жөніндегі жұмыстарды қаржыландыру**

1. Республикалық бюджет қаражаты есебінен:

1) стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі уәкілетті орган мен оның аумақтық бөлімшелерін ұстауға және стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттардың міндетті талаптарының сақталуын мемлекеттік қадағалауды жүзеге

асыруға арналған шығыстар;

2) стандарттау, метрология және тіркеу саласындағы бағдарламалар;

3) өнімнің сынамалары мен үлгілерін сатып алу және олардың стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттардың міндетті талаптарына сәйкестігін сынау (талдау, өлшеу);

4) Қазақстан Республикасының стандарттау жөніндегі халықаралық, аймақтық және мемлекетаралық ұйымдарға мүшелік жарналар енгізуі мен қатысуы қаржыландырылады.

2. Осы баптың 1-тармағында көрсетілмеген стандарттау жөніндегі жұмыстар шарт негізінде орындалады.

*Ескерту. 28-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 11 маусымдағы N 432 Заңымен.*

Қазақстан Республикасының

Президенті